


БАҚЫТҚОЖА РҮСТЕМОВ

Хатларнинг
таърихи
ва тарихи

БАҚЫТҚОЖА РҮСТЕМОВ

A rolled-up scroll of aged, yellowish paper is the central focus. The scroll is partially unrolled, revealing handwritten text in a cursive script. To the right of the scroll, a single brown quill pen is positioned vertically, its tip resting on the bottom edge of the scroll. The background is a light, textured surface.

Халқымыздың
мәңгілік
достары

Астана – 2014

УДК 327
ББК 66.49
Р 90

Р 90 Рүстемов Б. Халқымның мәңгілік достары. – Астана. 2014. – 608 б.

ISBN 978-601-06-2864-9

Кітаптың авторы көптеген жылдар бойына дүниежүзі халықтары достығына арналған еңбектерімен халқымыз бен шетел оқырмандарына белгілі әрі танымал жазушы, халықаралық публицист. Бұл кітап еліміздің бүгінгі таңдағы халықтық дипломатиясы әлемдік деңгейдегі халықаралық дипломатия саласынан өз орнын нықтап алған мемлекет екенімізді айғақтайтын бірден бір еңбек.

УДК 327
ББК 66.49

ISBN 978-601-06-2864-9



I ТАРАУ

**РУХАНИ ДАМУДЫҢ
КІЛТІ – ИСЛАМ**

Тыгырыққа тыгылгандай отыра бермей содан шығатын тың жолдарды іздеу қажет.

Жаңа бағыт-бағдарлар мен іс-әрекеттерді жәй жұмыссыздықта жүрген де емес тынбай ойланып-толғанғанның арқасында табамын.

Адалдық пен әділеттілік өтірікпен дос болмайды.

Тәңірге бой ұсынғанымда жүрегің мен сөзің бір бағытта болу керек. Жүрегің сөзді серік қылмаса сөзің жүректен үйлеспесе тірлігің оң болмайды.

КІРІСПЕ

Қазақ халқы, қазақ жері сонау көне дәуірден бүгінгі күнге дейін көзімен не көрмей, басынан не өткізбей келе жатыр десеңізші. Қаншама сұлтандар мен хандар өтті өмірден. Бүгінгі күнімізде біз үшін үлкен сын. Атадан қалған аманат: қиын-қыстау заманда бас қосып бірігу, ортадан ынтымақтасып Елбасын сайлау, қолбасшысын сайлау. Сол сенімін артқан ұлымен бірге, оған тілектес болып, көмекші болып, беделін көтере отырып ұйымшылдығы мен қара-қапас замандарда жеңіске жетіп, жарыққа шығып отырған. Тарихымызда сұлтандар да, хандар да, басқа да билеушілер мен басшылар көп болды. Ал солардың арасынан халықтың есінде қалған, ұрпақтан– ұрпаққа жеткендер санаулы ғана болған. Бұл Керей-хан мен Жәнібек-хан, алғаш қазақ хандығын, мемлекет болып қалыптастыруымыздың, қазақ деген атпен айналамызға танылуымыздың басында тұрған ұлы азаматтарымыз. Олардың бастаған ісін жалғастырушылар Қасым-хан, Тәуекел-хан, Есім-хан, Жәңгір-хан, Тәуке-хан, Абылай-хан, Кенесары-хан. Бұлар қазақ жерінің, қазақ халқының ұлы тұлғалары. Кешегі совет дәуірінде де ерен еңбегімен есте қалғандардың бірі халқымыздың аяулы перзенті Дінмұхамед Қонаев. Сол совет дәуірінен бастап бүгінгі күнімізге дейін елімізді басқарып, алға жетелеп келе жатқан Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы басқа да айтылып, жазылып жатқан деректерге қосыла отырып, мен де өз ойымды ортаға салғым келді.

Біз өмірімізде көптеген кітаптарды оқып оның мазмұнын ой елегінен өткіземіз. Тіпті кейбіреулерін оқығанда сол өмірдің немесе дәуірдің ішінде жүргендей өзінді сезінесің. Бұл, сол жазған автордың тілінің шеберлігі сізді баурап алып кетеді. Ондай жазушылар тіпті әлемде де көп емес. Әсіресе тарих қойнауына енгендер. Біздің елде де мұндай жазушылар санаулы ғана. Дегенмен, егемендігімізді алғаннан бері қазақ халқының тарихы тереңде жатқанын тек біз емес, бүкіл әлем мойындап келе жатыр. Әлі де өзінің ашылуын күтіп жатқан, құм мен теңіздер жұтқан қалаларымыз өздерін “мен мұңдалап” жатыр. Тарихымызды тек өз жерімізден табу былай тұрсын, бүгінде бұл мүмкіндік әлем елдерінің архивтерінен де табыла бастады. Еліміздің қаншама жазушылары мен журналистері, осы саланың мамандары мен әуесқой ізденуші мен зерттеушілері көптеген деректерді ортамызға салып жа-

тыр. Бұлардың қасықтап жинап жатқан жаңалықтарын бір жүйеге жинап, бірінші қорытындысын шығаратын мезгіл жетті.

Қазақ жерінде кезінде әлемдегі ең білімді ойшылдар мен данышпандар өмір сүрген. Батыс мәдениетінің қалыптасуына едәуір үлес қосқан да осы Ұлы дала болатын. Сонау көне дәуірлерден бері біздің заманымыздың XVII–XVIII ғасырларына дейін бүкіләлемдік деңгейге қаншама ғұламаларымыз шықты. Қыпшақ-қазақ атаулы халықтың перзенттері тек өз жерінде емес бүкіләлемдік өмірдің әртүрлі салаларының биік төрінен көріне білді.

Тек орыс империясының қоластына ерікті-еріксіз кіре бастағаннан бастап қасиеті мен ұлылығын жоғалтпаған XIX-XX ғасырлардың ұлы ойшылдары бұрынғы ата-бабаларымыздың игілікті істерін жалғастырып келсе де әлем деңгейіндегі ең биік зиялыларының төріне шығуы кілт тоқтады. Мұның себебін түсіндіріп отырудың қажеті жоқ.

Егеменділік пен бостандық әрбір халықтың шексіз арманы мен бақыты. Осы уақытқа дейін, бүгінгі өркениетті заманымызда, XXI ғасырда, жұмыр жердің бетінде егемендік пен бостандыққа жете алмай жүрген халықтар әліде болса баршылық. Үлкенді-кішілі мемлекетін құра алмай жүргендері де қаншама?

Бүгінгі өтпелі кезеңде ұлы бақытымызды тиімді пайдаланып, болашақ-келешек ұрпақтарымызға мол білім мен тарихи мұраларымызды, жаһанданудың арқасында азайып-кеміп бара жатқан адами құндылықтарымыздың бастауын бастап берсек, әрі қарай жалғастыру олардың борышы. Әрбір істің басталуы қиын. Осы ауырда да құрметті, жауапты істер бүгінгі менің замандастарыма, дәуірлестеріме түсіп тұр. Көп істеліне ме, аз істеліне ме бүгінгі көптеген салалардың басы мен қасында жүрген отандастарым тарихта, болашақ ұрпақтардың алдында, ізденімпаз жадында сол салалардың көшбасшылары ретінде мәңгілік орын алатындары даусыз.

Сонымен бірге, келешек ұрпақтың қатал, не болмаса кешірімді-түсінімді сындарына түсуіміз де ақиқат. Бұл өмірдің заңы. Сондықтан әрқайсымыз өз орнымызда өз қызметімізді барынша көне қыпшақ даласында өмір сүріп келе жатқан көптеген ұлт пен ұлыстарымызға адал да таза еңбек етіп, еліміздің өркениетті мемлекеттер қатарына қосылуына аянбай еңбек етіп, достығымыздың нығаюына үлесімізді қосып өтсек, болашақтан тек рахмет пен алғыс алатынымызда күмән жоқ.

Дей тұрса да біріншілердің аты – бірінші. Ең көп сүрінетін де, ең көп қиналатындар да, ең көп жауапкершіліктерді мойындарына алатын да, ең көп сыналатындар да – осы біріншілер. Иманды, адами құндылықтарының шекарасынан өрескел аттап кетпеген замандастарымның еш нәрседен қорқатын жағдайы жоқ. Бұл сандырақ емес. Өмірлік тәжірибеден, бастан өткеннен соң келген ойтұжырымдар. Мұны түсіну үшін міндетті түрде не әкім, не министр, не прокурор болып істеудің қажеті жоқ. Қоғам алдындағы жауапкершілік үлкенді-кішілі қызметті таңдамайды. Небір ағалар мен інілерді білеміз терең ойланбай тәуекелділікке салынып, замандастарының талқысына түсіп, соңында жеке өз басы былай тұрсын, ағайын-туыс пен келе жатқан ұрпақтарына, жалпы қоғамға да зияны тиетінін ұқпағандары қынжылтып келеді.

Бұл айтылған ойларға мысалдарды тек біздің елден емес әлем деңгейінен де көптеп таба аламыз. Қоғамда бар проблемаларды дер кезінде айтып халқына жеткізу тек зиялы қауымның емес, өзін өз жерінің адал перзентімін деп санаған азаматтардың да борышы. Абай өмірінде бірақ кітап жазған. Біздің ондап жазған кітаптарымызды сол кітаптың қасына қоя аламыз ба? Абайсыз қазақ, айсыз аспан секілді. Шүкір “жұлдыздар” елде баршылық. Күш – байлықта емес, рухани айбында. Елім деп еңіреген – езілмейді, ондай ерден халқыда көз ілмейді.

Халқымның бай-бақуат болғанын көргім келеді. Езілмегенін, күйремегенін, жылап-қайғырғанын көрсетпеші деп тілеймін Алладан. Жақын да ұзақ елдердің қантөгістерін қасиетті жеріме жеткізбеші деп тілеймін Раббымнан. Қуанышы халқымның – менің қуанышым, байлығы халқымның – менің байлығым, кедейлігі халқымның – менің кедейлігім. Жақсылық пен жамандықты, кейде тойымды, кейде тойымсыз күндерімді халқым мен бірге көріп келе жатырмын. Бір кісідей қара жұмыстарды да басымнан өткердім. Микрорайондағы өзін-өзі басқару қоғамдық жұмыста жүрген кезімде сол жердің халқына арнап аяғымды тоздырып базар салып бергізіп едім, әкім-қаралардың есіктерін тоздырып. Аяғында сол базарға сыпырушылыққа, күл-қоқысын тасуға жұмысқа тұрдым. Себебі көздері жауаңдаған балапандарым мені мәжбүр етті. Облыс көлемінде біраз жылдар бойы жауапты қызметтерде істеген азамат қой деген жан болмады. Бүгінде Мәжілісте отырған, кезінде қызметтес болған азаматқа барғанымда алдауратып шығарып салды. Оның әкесі мен менің әкем дос-таным

болған азаматтар еді. Бүгінде алды есейіп қалған балаларым мына жазғанымды оқып намыстануыда мүмкін. Менің қазіргі күндерде де таксилатып жүргенімді олар білмейді ғой. Басты мәселе – олардың қарнын ашырмай, қатарынан кем киіндірмеуім керек деп талпынсам да озық кеткен замандастарыма жетуім әлі қиын сияқты. Дегенмен, туыс пен отандастарымның жағдайлары жылдан жылға жақсарып келе жатқанына, менен басқа елдестеріме спонсор болып, таланттарының дамуына қолұшын беріп жатқандарына дән ризамын.

Бұл менің шын сөзім. Менің айналам мені жақсы біледі. Мен еш уақытта басыма қандай күндер мен істер түсседе алақан жайған, болмаса істеген жақсылығымды есіктерінің алдына барып міндет қылған емеспін. Кімге және қалай қолдаугершілікті, рахымдық жасауды өздерінің арына салған кішкентай ғана пендемін. Өзімнен кейінгі жастар былай тұрсын, меннен жасы да, қызметі де үлкен, ел билеген азаматтар мен мықты тұлғаларға сөз жүзінде ғана емес, нақты, тіпті кейбіреулерінің тағдырына қауып төніп тұрған кездерінде де, немесе қызметсіз жүрген сәттерінде болсын, олар маған араласшы деп сұрамаса да адамгершілікті, тілектестікті танытып, жанашырлықты білдіріп, сол мәселелерді шеше алатындарға қол мен ақыл-санамды созғанмын. Бүгінде осы айтып жатқан азаматтарым ортамыз да сау-саламатта жүр. Жүре бергей! деп тілеймін Жаратқан иемізден. Болар елдің балдары бірін-бірі қолдайды, болмас елдің балдары бірін бірі зорлайды. Мұны да көрсетіп жатыр Ұлы Ием.

Жалған намыстан аштан өлгеннен гөрі, не елімді тастап басқа жағдайы жақсы елге кеткеннен гөрі, кешегі кенес дәуірінде тәп-тәуір қызметтер атқарып жүргенде, туыс пен таныстарым болсын, құда-жекжаттарым болсын, алдымда ағалап-көкелеп жүргендердің алдында, қап-қара болып күнге күйіп, қара кірсабынды, пияз бен картопты оларға сатып базарда тұруымды дұрыс деп санадым. Өзімді сынадым. Айналамды сынадым. Қатты намыстанған күндерімде ауыр басыма бұл әлемде жалғыз ғана тірек бола білген киелі де қатты жастықты құшақтап, оны оқтын-оқтын суарып, таң атқанша ойымдағы сырымды, жүректегі “жырымды” тек Алладан ғана жасыра алмадым.

Жүрегім ауырды. Сонда бұл қалай дейтін жан болған жоқ. Атасы басқа былай тұрсын, кейбір жақындарым сыртымнан күліп, өтіп бара жатқандары қаншама болды десеңізші сол кездері?!. Қашанғы бұл нәзік жүрек пен адал да таза қаның әділетсіздікке шыдасын?

Аяғы реанимацияға алып келіп түсірді. Балаларымның несібесіне Алла Тағалам: “Әй, қазақ, қайда қашып бара жатырсың? Анау көздері мөлдіреген сәбилеріңді кімге тастап кетпексің, нақрұс?!” деп, мына күнәкар дүниеге құлағымнан сүйреп қайтып әкеліп тастады. “Езілме, күйме, мені және менің елшімді есіңнен шығармай жүргейсің! Ерте ме кешпе, қадіріңе жетпегенді өзім сұрауға аламын!” деді. Амал нешік, зіл басқан басты салбыратпай, белді қайта бекем буып, өмір-жауыз деген құбылыстан құтыла алмайтындығымды біліп, ескіде болса жигулиіме қайта отырып таксист болып кете бардым...

Бүгінде жәй әншейін айналасына консультация, ақыл-кеңес беріп миллиондаған ақшалар тауып жүрген азаматтарды білеміз. Орыста сөз бар: “Заработал на жизнь, не ударив палец о палец” дейтін. Ал енді мен айналамдағы кейбір азаматтарға жәй әншейін ақыл-кеңес былай тұрсын, табысты, нанды жерге құлақтарынан жетелеп апарып “тұмсықтарын” тықтым. “Нанды жердің” айналасына көптеген “дос-жарандар мен туыстар” жиналатыны белгілі ғой. “Күріштің арқасында қаншама күрмектер белшесінен су ішті ғой сусынын қандырып”. Ал сол идеяның авторы, өмірге асырушы азамат – әлі күнге дейін таксисттік қызметінен арылмай жүр. Еңсесін еркін көтере алмай келе жатқан ауыр салмақтардың арқасында банктердің құлдық несиелері тұр. Міне өмір!



ТАРИХ ЖӘНЕ ЗАМАНА ҮНДЕСТІГІ

Еуразия. Еуразиялық кеңістік. Осынау кеңбайтақ аумақтың бірнеше мыңдаған жылдармен есептелетін көне тарихы бар. Оның шетсіз-шексіз даласында жүргізіліп жатқан археологиялық қазбалар бүгінде сол жайында сыр шертеді. Еліміздің тәуелсіздік алуының арқасында ғасырлардың қалың қойнауына еніп кеткен өз тарихымызды барған сайын жете сезіне бастадық. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық серпінді дамуының нәтижесінде болашақ ұрпақтар үшін өз халқымыздың өткенін тану мақсатында ғылыми, зерттеушілік және археологиялық жұмыстар жүргізу мүмкіндігі туып отыр. Осыған дейін халқымыздың тарихы көлеңкеде қалып келді. Әлемдік мұрағаттар үшін жабық болды. Бүгінде ел Президентінің бастамасымен “Мәдени мұра” бағдарламасы жұмыс істей бастады. Мемлекет басшысы өзінің 2006 жылғы 1 наурыздағы халыққа арнаған Жолдауында “біздің елімізде тұрып жатқан және Қазақстанның біртұтас халқын білдіретін барлық ұлттар өкілдерінің толеранттығын, конфессияаралық және мәдениетаралық келісімді қамтамасыз етуге бағытталған біздің жүйелі саясатымыз қазірдің өзінде мойындауға ие болды” деп атап көрсетті [1].

Бүгінгі күннің ақиқат шындығы арқылы қарайтын болсақ, Бағдарламаның қазақстандық қоғамды жаңғырту жағдайында рухани-мәдени дамудың саяси мәнінде тарихи маңызы зор. Мен осыған дейін Қазақстан аумағында сонау ерте уақыттарда бірнеше діннің дамығандығын және өркен жайғандығын айтқан болатынмын. Ұлттық құрамы жағынан казак жерінде көптеген ғасырлар бойына әртүрлі халықтар ынтымақ пен бірлікте өмір сүріп келді. Өз кезінде із-түзсіз жоғалуға айналған Қазақстан халықтарының тарихын қайта “тірілтудің” алғашқы қадамдарының жасалуы мақтан етуге тұрарлық, сонымен қатар бұл менің замандастарымның мойнына жүктелген ең жауапты міндет болып табылады. Оны біз қалай ашсақ; болашақ ұрпаққа сол күйінде жетеді, олардың одан арғы өмірлеріне Темірқазық жұлдызындай бағдар беріп жарқырап тұрмақ.

Біз қыпшақтар сөз саптауындағы көне түркі тілінде жазылған қайнарлар көзін әлі де толық ашып болғанымыз жоқ. Біз түрік тайпаларына қатысты өзіміздің тарихымызды, тіліміз бен мәдениетімізді, сондай-ақ осыдан 1000-1250 жыл бұрын өмір сүрген және кейіннен

рынша батыл болжамдар ұсынады. Біздің кейбір тарихшыларымыз қазақ мемлекетінің құрылу кезеңін 1465-1466 жылдармен байланыстырады. Ал қытай ғалымдары біздің тамырымызды сақтар заманынан іздестіру керек дейді. Моңғолдар сонау 12 ғасырда бізді “қайсақтар” деп атаған және қазір де солай ойлайды. XX ғасырдың басында, 1917 жылы Кеңес өкіметі құрылғанға дейін, бізді Орыс империясы құрамында қырғыз-қайсақтар деп атап келді.

Осыдан 300-400 жыл бұрын жоңғарлар қазақ халқын жер бетінен жойып жіберуге бірнеше рет әрекет етті. Олар қолдағы бар араб жазбаларын құртып жіберуге, бағынбаған қалаларын оның тұрғындарымен қоса құртып жіберуге, жермен жексен етуге, сонымен қатар қазақтар өз тамырын, өз тарихын мүлде ұмытуы үшін оның қасиетті орындарын, мешіттерін, медреселерін және т.б. күйретуге барын салды. Сондықтан да бүгінде ұлттық тарихымыздың тағдырын қайта саралайтын уақыт жетті деп білемін. Бұл уақыт талабы.

Қазақтардың көне жерінде әрдайым әртүрлі халықтардың өкілдері өмір сүрді. Ел басына ауыр сындар, тағдырдың талайлы кезеңдері туған кезде, әрқайсысының өз діни нанымы бола тұрса да, олар қолдарына қару алып тізе қоса туған жерлерін қорғады. Сол толеранттық, іргелес басқа ұлттармен сол достық тамырластық бізге сол бабаларымыздан жер бетіндегі барлық адамдармен бейбіт және достық жағдайында өмір сүру өсиетіндей болып жетті. Бүгінгі біздің мақсатымыз – сол дана бабаларымыздың сол ұлы істерін лайықты жалғастыру. Еліміздің басшысы өз саясатында осы қағиданы басшылыққа алып келеді.

Сонау XII ғасырда Марко Поло қыпшақтар туралы “сіздерге айтарым, әйелдері сауда-саттықпен айналысады, ерлеріне керектінің бәрін сатып алады, үй шаруасын атқарады. Ерлері ештеңеге араласпайды. Соғысқа барады әрі аң мен құсқа қырандарын салып аңшылық құрады... Олардың қарулары – садақ, семсер мен айбалта. Ұрыста беттесе, батыл соғысады. Өздерінің билеушілеріне әбден берілген... Еңбекке және таршылыққа, басқаларға қарағанда, өте төзімді, жер мен патшалықты жаулап алуға қабілетті халық”, – деп жазады. Ұлы саяхатшының сөзіне қосарым, моңғолдар құлдыққа сатқан қыпшақтар, өз заманында Египеттегі, Индиядағы саяси билікті басып алды және 1250 жылы түрік мамлюктері әулетінің негізін қалады. Осылайша

Марко Поло арқылы Шығыс туралы еуропалықтардың санасындағы жалған пайымдар мен қараңғы түсініктердің күл-талқаны шықты.

Моңғол әскерлерінің басым бөлігін түріктер құрады. Сондықтан да олардың көпшілігі Қытайда қалды. Қытайдағы Тан әулетінің негізін түріктер қалады. Араб жылнамашысы әл-Омари моңғолдар ХІҮ ғасырдың аяғына қарай “қыпшақтармен араласып және туыстасып, олардың барлығы қыпшақтарға айналып кетті” деп жазады.

Біздің өміріміздің рухани қыры туралы бірер сөз. Сонау көне замандардан бермен қарай Қазақстан мен Орталық Азия аумағында түрлі діндер бірде пайда болып, бірде жоғалып кетіп жатты. Тілдік ерекшеліктерге қарай Буддизм, Христиандық, Несторияндық тамыр тартты. Тәңірілік – бұл таза түркі діні. Сегізінші ғасырдың бірінші жартысында Орталық Азияға Арабия түбегінен бізге Ислам діні келді. Содан бергі аралықта Қазақстан мен Орта Азияның кеңбайтақ аумағында үлкен де кіші мемлекеттер бірде пайда болса, бірде ыдырап кетті.

Орта ғасырларда елге басшылық жасау және саясатты айқындауда дауадағы дінбасылық пен билік бір ғана адамның қолында болды. Елдердің қалай гүлденіп, қалай күйрегендігі тарихтан белгілі. Көптеген елдер мен халықтардың тарихында күні бүгінге дейін есімдері аспан төріндегі жұлдыздардай жарқырап тұрған және ұрпақтарының кастерлеуі арқасында көмескі тартпаған ұлы билеушілер аз болмаған. Исламды таратудың және оның одан әрі дамуының тасқынды кездерінде Орталық Азия аймағында да ұлы билеушілер тарих төріне шықты. Халық жадында кез-келген билеуші емес, керісінше өз мемлекетінің дамуына және өз карамағындағылардың тұрмысын жақсартуға елеулі үлес қосқандары ғана сақталып қалды.

Осылайша Ислам ең ұзақ жасаған дін болып қалды. Осы дін бізге қалай келгендігін әлі де көп жыл зерттеуге, тек содан кейін ғана өз замандастарымызға және олардың ұрпақтарына ақиқатты ашып көрсетуге тура келеді. Оның біздің бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне қандай із қалдырғанын да саралауымыз қажет. Бір даусыз ақиқат сол; оның өміршендігі оның трактаттарына, Басты Кітап – Құрандағы адамдарды ізгілікке, бірлікке, бірін-бірі құрметтеуге, жақынына жәрдемдесуге және басқа қайырымдылықтарға шақыратын қасиетті өсиеттерге негізделген. Еліміздің басшысы кезінде біз тәуелсіз

мемлекет болып табыламыз, Исламды қастерлейміз, біз үшін қасиетті Кітап – Құран деген болатын.

Ислам біржарым мың жылға жуық өмір сүріп келеді. Осы уақыт аралығында ол түрлі халықтардың өмірінде және олардың мемлекеттігіне өшпес із қалдырды. Ислам тарихы жалпы әлемдік, мұсылмандық және түркі өркениетінде маңызды орын алады. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің ісін жалғастырушылар, оның замандастары мен сахабалары туралы жазылған еңбектер өте көп. Пайғамбардың шәкірттерін сахабалар, сахабалардың шәкірттерін – табиғиндер, табиғиндердің шәкірттерін – баптар және тағы басқа деп атаған. Олар исламның таралу аумағын аясын /аумағын/ кеңітіп қана қоймай, сонымен бірге Ислам туралы ілімді тереңдете түсті. Пайғамбардың ісін жалғастырушы алғашқы ұлы тұлғалар Әбу Бәкір, бұдан кейін Омар, Оспан және Әли. Олардың кезінде мемлекетті басқару Халифат, ал билеушілер – халифтер деп аталды [4.83-90, 151 беттер.]

Әкеден балаға беріліп келген ғасырлар бойына жинақталған білімнің, тәжірибенің және олардың өздері жергілікті тұрғындар арасында құрмет пен беделге ие болуының нәтижесінде, олардың кейбіреулері билеуші мен дінбасына айналды. Баба Түкті Шәшті Әзіз /8-9 ғасырлар/ Әбу Бәкірдің ұрпағы болып табылады. Ол өз заманында билеуші /Меккенің/, әйгілі дінбасы болды /бүгінде сүйегі Оңтүстік Қазақстан облысының Құмкент ауылында/. Оның әкесі Керемет Әзіз де Меккені билеген. Құмкентте туған құдіретті билеуші Едіге де Баба Түкті Шәшті Әзіздің ұрпағы, оның кезінде, Ақсақ Темір қайтыс болғаннан кейін, Алтын орда анағұрлым қуатты империяға айналды. Мөңке би Едігенің ұрпағы саналады. Әйгілі қазақ батырлары Есет пен Бекет те Едігенің ұрпақтары. Едіге би мен Мөңке би жайында профессор Мұхтар Құл-Мұхаммед ауқымды әрі танымдық ғылыми зерттеу жұмысын жүргізді [5]. Тамыр желісі Әбу Бәкірге келіп тірелетін әйгілі орыс князы Юсупов та Едігенің ұрпағы. Алтын орда хандарының бірі Мамай да /Ресейдегі Мамаев қорғаны Мамайдың құрметіне аталған/ Әбу Бәкірдің тегінен. Мамайдың шөбересі Русь тарихында Ұлы княгина аталды, әрі ол Иван Грозныйдың шешесі.

Ұлы исламды насихаттаушы, ғалым әрі ойшыл, бүгінде сүйегі Самарқанд қаласында жатқан Әбу Лайс /9-10 ғасырлар/ та Әбу Бәкірдің

ұрпағы болып келеді. Әбу Лайстың әулеті бірнеше ғасырлар бойына Орталық Азия аумағында діни билікте жоғары лауазымдардың басында болды. Олардың қарамағында оқу орындары – медреселер, олардың жанында мешіттер жұмыс істеді. Әбу Лайстардан білім алған әрі олардың шәкірттері саналған, ал кейіннен Шығыстың ұлы ақындары атанған Әлішер Навои, Әбдурахман Жәми және басқа ойшылдар бар. Әлемге есімі әйгілі астроном әрі ғалым Ұлықбек те Әбу Лайстардың шәкірті саналады.

Әбу Лайстың ұлы Жақып ата /Қылауыз ата/ Ферғана мемлекетінің батыс қағанатының билеушісі болған. Географиялық орналасуы жағынан бұл мемлекет қазіргі Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстанның оңтүстік аумағының бір бөлігін қамтып жатты. Мемлекеттің тұрғындары буддизмді, христиандықты және исламды тұтынды. Осы көпұлтты мемлекеттің астанасы Ұлы Жібек жолы бойындағы, Сейхун дария, қазіргі Сырдария өзенінің жиегінде орын тепкен Өзгент қаласы болды /қазіргі кезде бұл қала Қызылорда облысының Жаңақорған ауданының аумағында/. Қылауыз ата Қорасан ата мавзолейінен бес шақырым қашықтықта Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында жерленген. Құран сүрелері жазылған Жақып ата зиратының бетін жапқан тас қазір Түркістандағы Қожа Ахмед Яссауи кесенесінде. Бүгінде Петропавл қаласындағы мұражайда сақтаулы тұрған Құран сүрелері алтынмен жазылған дулыға да Жақыптың ұрпақтарынікі болуы мүмкін деген болжам да айтылуда. Онда: “Мұхаммед пайғамбар сенімен бірге... Жақып ұлы Ахмет...” деген жазу бар. Белгілі тарихшы Қойшығара Салғариннің “Хандар тізімі” кітабында Жақып ата жоғарыдағы аталған мемлекеттің билеушісі ретінде көрсетіледі. Осы жолдар авторының алғаш рет Қылауыз ата жерленген жерге 1985 жылы баруының және оған Құран сүрелерін бағыштаудың сәті түсті. Халықтың ауыздан ауызға айтылуы арқылы мәлім болып отырғанындай, моңғол шапқыншылығы кезінде қарапайым адамдар өздерінің қасиет тұтқан әулиелері мен билеушілерінің зират бетін жапқан тастарын ашып, терең етіп жер қойнына жасырған. Осыдан кейін осы тас ескерткіштерді сақтау үшін Қожа Ахмед Яссауи кесенесіне жеткізілген.

Қылауыз ата Сырдария өңіріне Самарқандтан өзінің бес жүз /500/ жолын ұстаушы еріктілерімен /XI ғасырдың аяғы және XII ғасырдың

басы/ келген. Ол Қожа Ахмед Яссауидің замандасы әрі онымен достық қатынаста болған. Қылауыз атаның Шығыстың көрнекті дін қайраткерімен өзара қарым-қатынасы туралы халық арасында әлі күнге дейін небір аңыздар айтылады. Күні бүгінге дейін кез-келген адамның қолынан келе бермейтін зор мистикалық қабілетке ие адам ретінде Қылауыз ата туралы халық жадында сақталған әңгімелер жетерлік. Бұл араб тілі мен оның жазуын, мәдениетін барынша кең көлемде насихаттаған кезең болатын. Түркі лексикасында араб-парсы сөздері пайда болды. Сол кездері Шыназ, Шардара, Сүткент, Отырар, Шауғар, Сауран, Өзгент, Сығанак, Испиджап /бүгінде Сайрам ауылы/, Шаш /қазіргі Тәшкент/, Әулие ата /Тараз/, Мерке, Құлан, Құмкент, Созақ, Баба ата және басқа қалалар дамып, гүлденді. Шыршық, Талас, Шу, Арыс, Сырдария өзендерінің жағасында отырықшы тұрмыс кешкен, мал өсірумен және егіншілікпен айналысқан ата-бабаларымыздың суландыру жұмыстарымен айналысқанының іздері сайрап жатыр. Бұл арада бабаларымыздың моңғол шапқыншылығына дейінгі тұрмыс тіршілігі сөз болып отыр.

Шәмші Бұзырық та Әбу Бәкірдің /Әбу Лайстардын/ ұрпағы болып табылады. Ол өз заманында көрнекті ғалым, әйгілі ақын, әулие атанған. Оның бастамашылығымен моңғол шапқыншылығы кезінде қиратылған Сырдария өңіріндегі қасиетті орындар қайта қалпына келтірілді. Құдай жолын ұстанушы Шәмшінің арқасында бүгінгі ұрпақ Қорасан атаның, Жақып атаның, Қылышты атаның, Төлек атаның, Бұлқас атаның және басқа қазақ жері әулиелерінің қай жерге жерленгенін біліп отыр [6].

Соншалықты көп болмаса да, өздерінің Әбу Бәкірдің ұрпақтары санайтын қазақтар да бар. Пайғамбарымыз “өзіңнің тамырыңды біл, бұл туысқандарыңмен қарым-қатынас жасау үшін қажет” деген. Адамдар өзінің тамырын, өз халқының тарихын білуі керек дегенді біз Мемлекетіміз басшысының аузынан сан қайтара естідік. Осының бәрі салыстырма арқылы танылады. Өз халқыңның өткенін білмей, бүгінімізді бағалау, одан қалды болашағымызды барлау мүмкін емес. Өзіңнің шыққан тегіңді және бабаларының тұрмыс тіршілігін білу, оларды зерделеп зерттеу болашақ ұрпақтың дамуы үшін қажет. Сондай-ақ тарихшы Төлеген Рүстемұлы өзінің кітабында ұлт ретінде қазақ халқын сақтап қалуға, нығайтуға және біріктіруге бастайтын ұлттық дәстүрлерді дамытуға жоғарыда аталған жайлар жалғастырушы арқау

болып табылады деген тұжырым жасайды [7. 26-34-беттер]. Ұлт – көзқарастарға жіктелген тұтастық.

Әбу Лайс адам мен қоғам арасындағы өзара қатынастардың құқықтық негіздерімен қатар, адамның қоғамдық ортада, айналасындағы адамдармен қатынастарда өзін қалай ұстауы керектігінің тәртібін де ашып көрсетеді. Оның білімді елге танылған, көпшілік мойындаған, сыннан өткен адамдардан үйрену керек деген тұжырымы күні бүгінге дейін мәнін жойған емес [8. 18-бет]. Осыдан көп ғасыр бұрын Әбу Лайс өзінің еңбектерінде алкогольдің адамға зияны туралы тоғыз негізгі тармақтардан тұратын ескертпелерін жазып қалдырған [9. 133-135-беттер]. Сондай-ақ ол адам өзінің абайсызда жасаған қателіктеріне ерте ме, кеш пе омынатындығы туралы тұжырым да жасаған. Адам бір күнде, бір айда бір жыл да немесе өмір бойына өкінішті бастан өткеретін жан жарасына тап болуы мүмкін. Сонымен қатар ол адамдардың назарын өзін-өзі ұстауға аудара отырып, тым әсірешілдікке немесе құмарлыққа салыну оларды апатқа, қайғы-қасіретке соқтыруы мүмкін екендігін ескертеді. Олар – әйел, аңшылық, құмар ойындар мен арақ дейді ол. Оның еңбектерінде тамақты шамадан тыс ішудің денсаулыққа зияндылығы да айтылады. Адамға қалай құрмет көрсету керектігі де сөз болады. Сондай-ақ қоғамда өзінің сыртынан сөз тарауы, күйретіп тынатын өркөкіректік туралы да айтылған. Әбу Лайс осыдан бірнеше ғасыр бұрын айтқан құндылықтар, проблемалар бүгінде де өзінің мәнін жоймаған. Адам өзінің қадір-қасиетін лауазымы мен артықшылықтарынан айырылған кезде ғана сезінеді.

Сондай-ақ Әбу Лайс неке кию тақырыбына да сөз арнаған [8. 216-бет]. Адамдар арасында қандай жағдайда әңгіме жүргізуге болмайтындығы ой түйеді. Өз балаларының тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігін тілге тиек етеді. Сонымен қатар балаларды оқытатын адамдардың міндеттерін, жылжымайтын мүлікті шексіз иелену, ер мен әйел арасындағы өзара қарым-қатынас мәселелеріне тоқталады. Көп жағдайда лауазымы төмен адамдар пайымы мен түсінігі әлдеқайда ақиқатқа бір табан жақын дейді ол.

Әбу Лайс адамды тәрбиелеуде және оның қалыптасуында маңызды рөл атқаратын көсем сөздерді орнымен қолдануға да бәсе мән береді. “Аңқау екі рет алданбайды”, “Сөз адамға өзінің қолына қарағанда, көп залал шектіреді”, “Адам адамның айнасы”, “Адамға қайырым жасасаң,

алланың рахымына жолығасың”, “Өзінің кемшілігін білетін адамның, басқа адамдардың кемшілігінде шаруасы болмайды”, “Есіктен мезгілсіз кірген адамда қадір болмайды”, “Қайырсыздан көмек сұраған әділдікті таптайды. қол қылады” деуі осы айтқанымыздың дәлелі.

Біз бабаларымыз айтып қалдырған үш нәрсеге абай болуымыз қажет. Олар – атқан оқ, айтылған сөз және зая кеткен күн. Сондықтан да осы үш нәрсе жанды жерімізге тиіп, жүрегімізді ауыртпайтындай өмір сүруіміз қажет.

Әбу Лайстың бай мен жарлы, бастық пен бағынышты, туыскандар, көршілер және басқалар арасындағы өзара қарым-қатынас туралы айтқандары күні бүгінге дейін маңызын жоймай келеді. Өйткені адамдардың қарым-қатынасы қоғам дамуында шешуші рөл атқаруда. Дер кезінде сөзіне құлақ аспаған, орнымен бағасын алмаған адамдар көп жағдайда мұндай әділетсіздікті қасқая тұрып қарсы алады. Өз кезегінде олардың іштей қарсылығы өзін ренжіткен адамға бағытталып, оның оң сипатты аурасын күйретеді, сол арқылы оның қарым-қабілетіне кері әсер етеді. Ғылым ғажайып құбылыстардың бар екендігін, телепаттардың іс-әрекеттерін ертеде-ақ дәлелдеген, бірақ олардың адамдарға қалай әсер ететіндігін түсіндіріп бере алар емес. Бабаларымыздың кітаптарында осының барлығы қарапайым түрде түсіндіріледі, адамдар мен Жаратушы арасындағы қарым-қатынасқа негіздейді.

Әбу Лайстың еңбектерінде байлықты жинау қажет пе деген ойлар сан мәрте қылаң береді. Өйткені түптеп келгенде бәрі де бұл дүниеде қалады. О дүниеге ештеңені алып кете алмайсың. Сенен кейін өзіңнің айналандағы адамдарға істеген қайырымың мен жақсылықтарың, жаман-жақсы істерің көпшіліктің жадында қалады.

Әбу Лайс өзінің еңбектерінде рухани-мәдени құндылықтар мен адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардағы моральдық-өнегелік ұстанымдар ерекшеліктеріне айрықша орын береді әрі оларды қоғамда кездесіп қалатын өсек-аяң айтудан, алдау-арбаудан, тағы басқа жағымсыз қылықтардан аулақ болуға үндейді. Сонымен қатар тілді сақтауды да айналып өтпейді [10. 157-215-беттер].

Барлық уақыттарда барлық қоғамда салауатты өмір салтына ерекше мән берілген. Бұл тақырып рухани-мәдени аспектілерден де еш кем түспейді. Олар өзара тығыз байланысты. Өйткені мықты денсаулық

болмайынша, руханилық та, мәдениеттілік те түкке тұрмайды. Халықтың, ұлттың денсаулығы мемлекет дамуының басты мәселесі. Одан қалды жаңғыру жағдайында “Салауатты өмір – гүлденуге бастайды” деген қағиданың мәні зор. Сондықтан әрбір қазақстандық өзін дені сау етіп тәрбиелеуі тиіс [11].

Орталық Азия аумағына арабтардың келуінің үш кезеңі атап көрсетіледі. Алғашқы саны 12 мың адам 714 жылы Шаш /Тәшкент/ пен Исфиджапқа /Сайрамға/ келіп жетті. Екіншісі отыз мың адамнан құралды. Үшіншісі Ысқақ бап, Абдул Жәлел бап және Абду Рахым бап бастаған еріктілерден құралған жүз мың адамдық отряд 766 жылы Исфиджап қаласына табан тіреді [12. 12-31-беттер]. Жетісуда, Қаратау етегінде және Сырдария алқабында мұсылмандықтың таралуы осыдан бастау алады. Атап айтқанда мұсылмандық Таразда, Созақта, Баласағұнда, Фарабта, Сауранда, Сығанақта, Өзгентте және Орта Азияның басқа қалаларында осылайша өріс алды. Құлан қаласы арабтарға 910 жылы тізе бүкті. Исламға дейін Исфиджап қаласында және оның төңірегінде Христиандық басым болды. Көне Сайрам – сонау ҮІІ ғасырдан біздің заманымызға дейін зорастаризмнің қасиетті кітабы “Авестаны” жеткізген Қазақстан аумағындағы бірден-бір қала. Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы ислам алғаш рет қараханидтер кезінде ІХ-Х ғасырларда мемлекеттік дінге айналды.

Жоңғарлармен және қалмақтармен шайқастың ауыр жылдарында қазақ халқы және оның атағы әйгілі ұлдары – үш жүздің билері Төле, Әйтеке және Қазыбек өз халқының өзекті мәселесін шешу үшін Мәртөбе қорғанына /Сайрамға таяу жерде/ бас қосты. Сондай-ақ Сайрамнан онша қашық емес жерде Абылай ханның ордасы тігілді /Ханқорған/. Ол сол жерден өз сарбаздарының жоңғарға қарсы қарулы шайқасына басшылық жасады. Сол жылдарда қазақтар бас сауғалап жан-жаққа тарап кеткен болатын. Олардың бір бөлігі Моңғолия мен Қытайда қалды. Моңғолияның академигі Ислам Қабышұлы өзінің мақаласында осы елдердегі қазақтардың өмірін жан-жақты қамтып жазуға талпынады [13].

Дін және оның қайраткерлері өз елдерінің дамуында аса маңызды рөл атқарады. Ең бастысы діни факторды саясаттандыруға жол берілмеуі қажет. Бұл жайында еліміздің басшысы бірнеше мәрте айтқанда болатын. Толеранттықтың маңыздылығы сол, біз сол арқылы руха-

ни келісімге келе аламыз. Бүгінде Қазақстанда 3000-нан астам діни бірлестіктер жұмыс істейді. Қазіргі уақытта әлем елдерінің халықтары бiлiкте де, конфессияда да шынайы достық пен ынтымақты қажет етiп отыр.

Бүгінде, үшінші мыңжылдықтың басында қазақстандықтар және қазақ жері өз дамуының жаңа кезеңін басынан өткеруде. Әлемдік қауымдастық, таяу және алыс шетелдер, біздің Басшымыздың біз қандай жолды тандап алғанымызды айғақтай түскендей, қол жеткізген табыстарымызды мойындауда. Оның нәтижелері көз қуантады. Бұл жол Қазақстанды әлемдегі дамыған және гүлденген елдердің қатарына бастап апарды.

Әр халықтың өзіне тән ерекшелігі бар. Оны сырт көздің бағасынан білуге болады. Қазақтар туралы шейх Мұхаммад Хусейн Алсабеков еліміздегі жетекші журналистердің бірі О.Квятковскийге берген сұхбатында айтқаннан артық, өз басым жеріне жеткізе ештеңе айта алмаймын [14]. Зерделі, қазіргі заманның тек діни ғана емес, сонымен қатар қоғам қайраткері Алсабековтың берген бағасы коммунистік идеологияның қатал қудалауы жылдарында Қазақстанға тап болған вайнах халқының ғана емес, сонымен, қатар басқа да халықтар өкілдерінің көзқарасын білдіреді. Кейде жазықсыз қудаланып, біздің елімізге жер аударылған мен өзімнің Костя ағайымды /молдаван/ еріксіз еске аламын. Ауылдың қадірмендісі еді. Бүкіл отбасы қазақ тілін өз тіліндей жетік білетін. Оның қыздары қазақ ұлттық аспаптарында ойнап, қазақша ән салатын. Оның қайтыс болғанын естігенде көзімнен жас та шығып кеткен еді. Ол мен үшін және біздің отбасымыз үшін ерекше бір қимас жанға айналған болатын.

Халықтар арасындағы достық Жер бетінде Адам ата мен Хауана пайда болған сәттен бастап өзінің мәнділігін жоймаған мәңгі тақырып болып келеді. Өздерінің бабасына құрмет көрсету үшін Әбу Лайстың қазақстандық ұрпақтары Самарқандқа сапар шеккенде, бұл жайында естіген самарқандтықтар облыс және қала басшылары болып 150 қазақстандықты құрметпен қарсы алған болатын. Қазақстанның өкілдері, жергілікті өзбектер мен тәжіктер /Самарқандтың негізгі тұрғындары тәжіктер/ өздерінің бабаларының аруағына мінәжат етіп қана қоймай, сонымен қатар біздің халықтарымыз арасындағы достыққа арнап Құран сүрелерін бағыштады. Көпұлтты Қазақстан тек

өзара достықта өмір сүруге ұмтылып отырған жоқ. Қазақстандықтар іргелес елдер халқының тұрмысына бей-жай қарап отырмайды.

Көпконфессиялы келісім, мен өзім атап өткенімдей, сонау көне дәуірлерден бастау алады. Бүгінде өз ата-бабаларының дәстүрлерін жалғастыра отырып, Қазақстан халықтары әлемдік қауымдастық атап көрсетіп отырғандай, ерекше толеранттық танытып келеді. Алла біреу – оны тану жолдары әртүрлі. Осыдан 15 жыл бұрын Қазақстанның көптеген конфессиялар өкілдерінің басын құраған Бүкілдүниежүзілік рухани келісім конгресін өткізуі кездейсоқтық емес. 2003 жылдың басында мұсылман және еврей діндерінің халықаралық форумы өтті. Сол жылы Астанада әлемдік діндердің съезі өткізілді. Биылғы жылғы қыркүйекте екінші съезі өтті. Ел Президентінің осы бастамасы қай жағынан да қуаттауға тұрарлық, өйткені осы арқылы біздің еліміз халықаралық деңгейде мәдени және конфессия аралық диалог өткізу орталықтарының біріне айнала алатындығын дәлелдеп отыр. Бұл жағынан тәжірибеміз бар. Сөз жоқ, съезд делегаттары диалогының негізгі арқауы түрлі дәстүрлі діндер төңірегінде өрбіп қана қоймай, сонымен қатар адамзат тағдырына қатысты жауапкершілік пен алаңдаушылық жайларды да талқылады. Қоғамда рухани және өнегелік құндылықтарды қорғау және тұрақтандырудағы дінге жүктелер жауапкершілік жоғары. Съездің қорытындылары, оның жолдаулары елдер басшыларының, саясаткерлердің, қалың жұртшылықтың және барша діни қауымдастықтар мүшелерінің құлағына жетеді деп ойлаймын. Астанадағы дін жетекшілерінің және де олардың өкілдерінің тарихи кездесуі сенімі, ұлттық тегі, мәдениеті мен өркениеті әртүрлі адамдар мен қауымдастықтар арасындағы бейбітшілікке қызмет етеді.

Бүгінде ел басшылығы ежелгі қазақ жерінде өмір сүріп келе жатқан халықтар жақсы тұрмыс жасауы үшін қолдан келгеннің бәрін де жасауда. Қазақстан қоғамының рухани-мәдени ерекшелігі дамып келеді, “Қазақстан – 2030” стратегиясын жүзеге асыру талабына сәйкес қазіргі кезде мемлекеттік саясатты ойдағыдай жаңғырту барысында халыққа рухани тәрбие беру жетілдіріліп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың “Қазақстанның әлемдегі анағұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру стратегиясы” атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2006 жылдың 1 наурызы, 7-тарауы, 7.6 –тармағы.

2. Бекеудтан Нүржекеұлы, “Мөде шануй”, “Жас Алаш”, 3.09.2005 ж. №1058.
3. Зардыхан Қиянатұлы. “Біз тарихтан қазақтың өз орнын іздеп жүрміз”, “Жас Алаш”, 20.09.2005 ж. №112.
4. Абдель Хамид. “История жизнеописания посланика Аллаха” кітабы. 83-90, 151-беттер. Мәскеу к., 1992 ж.
5. Мұхтар Құл-Мұхаммед. “Моңке би: аңыз бен ақиқат”, “Егемен Қазақстан”, 18-19. 11. 2003 ж.
6. Б.Төлегенұлы. “История, духовность, толерантность или времен связующая нить”. “Казахстанская правда”, 26.05.2006 ж.
7. Төлеген Рүстемұлы. “Әбу Бәкір Сыдықтан тараған Қылауыз ата ұрпақтарының толықтырылған шежіресі”. Тәшкент, 2004 ж. 25-34-беттер.
8. Әл-Факих Әбу Лайс ас-Самаркандий. “Бустонул орифийн”, өзбек тілінде, “Мавверанахр” баспасы. Тәшкент к., 2003 жы. 18. 215-216-беттер.
9. Доскелді қажы Қожағайұлы. “Мешіт әдептері мен хұтпалар”, Алматы, 2003 ж., 133-135-беттер.
10. Әл-Факих Әбу Лайс ас-Самаркандий, “Танбехул гофилийн”, өзбек тілінде, “Мавверанахр” баспасы, Тәшкент к., 2003 жы., 157-215-беттер.
11. Б.Рүстемов. “Настройся жить в здравии”, “Казахстанская правда”, 11.07.2002 ж.
12. Қуаныш Айтаханов. “Сайрамда бар сансыз бап”, Алматы к., 2000 ж., 12-31-беттер
13. Ислам Қабышұлы. “Көңілде жүрген көп ойлар”, “Егемен Қазақстан”, 27.02.2002ж.
14. О.Квятковский, “Шейх Мухаммад Хусейн Алсабеков: Наша вера должна быть разумной...”. “Казахстанская правда”, 17. 03. 2006 ж.

“Жұлдыз” журналында қысқартылып берілді, 2007 жыл, № 4.